

ТУБАЗИД ҚАБЫЛДАҒАН БҰЗАУ ОРГАНИЗМДЕГІ ГЕМАТОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН МҮШЕЛЕРДЕГІ ПАТОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Қ. Ж. Кушалиев, вет. ғылымдарының докторы, профессор
Л. Ж. Душаева магистр, А. Г. Дарменова, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Берілген мақалада «Тубазид» препаратын қолданылған бұзау организмдегі иммуноморфологиялық өзгерістері сипатталады. Паренхиматозды мүшелердегі Т-және В-лимфоциттердің сандық өзгерістерін салыстырдық. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып препараттың тиімділігіне көз жеткіземіз.

В данной статье описывается иммуноморфологические изменения в организме телят после применения «Тубазида». Приведены сравнительные данные по иммуноморфологическим изменениям количества Т- и В-лимфоцитов в паренхиматозных органах. По полученным результатам можно судить об эффективности.

This article shows the immunomorphological changes in cow's organism after using the Tubazil. We compared the numeral changes of T- and B-lymphocytes in pharenhimatis organ. Obtained results can show the efficiency.

Жұмыста орташа қондылықты, 30 күндік, денесінің массасы 30-40 кг, кара-ала, симментальды, қазақтың ақбас тұқымды бұзаулары қолданылды. Зерттеуден 10 күн бұрын бұзауларды туберкулезге аллергиялық тексеруге ұшыратқан, нәтижелері теріс.

Бұзаулар азық және сумен молынан қамтамасыз етілді. Рацион құрамына мыналар енді: пішен, сүрлем, пішендеме, шөп гранула концентраттары, ас тұзы.

Жалпы клиникалық жағдайын жалпыға бірдей әдістермен анықтаған.

Қан клеткаларының белсенділік деңгейін РБТЛ және Т-мен В-лимфоциттер санының бағасы бойынша анықтады. Берілген 4 және 5 кестелерден тубазид алған бір айлық бұзауларда сандық қатынаста ересек малдарға қарағанда перифериялық қанда лимфоциттердің функционалды белсенді категорияларының болуы айқын білінетін өзгерістер байқалмайды, тек бақылау кезінде ($63,3 \pm 1,6 \%$) зерттеудің 60 күнінде ($62,9 \pm 0,8 \%$) Т-лимфоциттердің және бақылау кезінде ($48,2 \pm 1,6 \%$) зерттеудің 120 күнінде ($47,1 \pm 1,4 \%$) В-лимфоциттердің азаюуына қана көбеюі белгіленді. Лимфоциттердің бласттрансформация реакциясының көрсеткіштері де тәжірибелік жануарларда үлкен өзгерістерге ұшыраған жоқ (1 кесте). Осыған орай, тубазидбұзаулардың қанындағы ЛБТР белсенділігінің деңгейіне және сандық өзгерістер тудырмайды.

Тубазид қолданғанда сәтсіз шаруашылықтардағы жануарлар мүшелері мен ұлпаларында қорғаныс-икемделгіштік реакциялар негізінен мезентериальды және бауыр лимфа түйіндерінде айқындалды. Бұл лимфа түйіндерінде фолликулярлық құрылым суреті тегістелген, кеңейтілген герминативті орталықтарда клеткалық элементтер сиретіліп орналасқан, олардың ішіндегі ең көбі бласттық клеткалар мен

митоз пішіндері. Сақталған екіншілік түйіншектердің клеткалық элементтері сиретіліп орналасқан, кейбір герминативті орталықтарда бласттық клеткалар көп мөлшері және бірен-саран сарғыш-қоңыр пигменті бар макрофагтар болған. Қабыршақты заттың лимфоидты ұлпасы біркелкі пролифериленген. Негізінен шағын және орта лимфоциттермен инфильтрирленген түйіншектің қабыршақты затында бласттық базофильді клеткалардың ошақты жиналуы кездескен. Орталық синустар аздап кеңейген, олардың ішінде бірен-саран макрофагтар мен лимфоциттер табылған, фиброзды ұлпаның құрылуының басталуы белгілері бар синустарда лимфостаз құбылысы белгіленген [1].

1-Кесте – Тубазид қабылдаған Ірі қара малы төлінің Т-лимфоциттерінің көрсеткіштері (пайызбен)

Бақылау күндері	Т-лимфоциттер		В-лимфоциттер	
	Тәжірибе (тубазид)	Бақылау	Тәжірибе (тубазид)	Бақылау
7	63,0 ± 1,4	62,3 ± 0,9	47,3 ± 1,4	46,7 ± 0,4
15	62,8 ± 0,6	62,6 ± 0,8	47,0 ± 1,2	46,4 ± 0,9
30	62,4 ± 0,9	62,4 ± 0,3	47,9 ± 0,6	46,9 ± 0,6
60	63,3 ± 1,6	62,9 ± 0,8	46,8 ± 0,6	47,4 ± 1,3
120	63,1 ± 0,9	62,5 ± 0,6	48,2 ± 1,6	47,1 ± 1,4
240	62,9 ± 0,2	62,3 ± 0,5	47,4 ± 1,8	47,0 ± 1,1
360	62,6 ± 0,7	61,8 ± 0,7	47,2 ± 0,9	46,9 ± 0,3

Фибриннің нәзік торларының орталық синустардың қуысы томпайған, піскен лимфоциттердің жоғары ыдыраушылығы, мукоидты ісіп-кебу құбылыстары бар артериолалар, венулалар және капиллярлар қабырғасы байқалды. Етті баулар плазмоциттердің көп мөлшерімен инфильтрацияланған. Түйіншектің паракортикальды аймағының клеткалық элементтері сиретіліп орналасқан.


Трабекулалардың периваскулярлы дәнекер ұлпасының қопсытылғаны және ісінуі, оның лимфоциттер және эозинофилдермен сүзілгені байқалды. Бауырда құрылым суреті сақталған, мүше қан тамырлары құйылған, орталық және жинақтаушы көк тамырларының айналасында, сонымен қатар бауыр бөліктерінің перифериясының бойымен ошақты геморагиялар кездескен. Акуыздық дистрофия құбылыстары бар бауыр клеткалары, жұлдызшалы ретикулоэндотелиоциттер біркелкі пролиферленген, кей жерлерде мүше паренхимасында лимфоидты-гистиоцитарлы клеткалардың ошақты жиналғаны байқалған.

Өкпеде лимфоидты-гистиоцитарлық клеткалармен сүзілген есебінен альвеолярлы клеткалардың ошақты жуандауы байқалды. Перибронхиальды дәнекер ұлпасында лимфоидты ұлпаның шағын ғана жиналғаны, жиі герминативті орталықтардың түзілуі байқалады.

Тубазид қолданғандағы таза емес шаруашылықтардағы бұзауларға қарағанда таза шаруашылықтардағы бұзаулардың бауырлық, шажырқай және қабырғааралық лимфа түйіндеріндегі өзгерістер біртекті болды. Бірақ осы жануарлардың лимфа түйіндері мен талағында етті бауларының жуандауы және олардың РНҚ-ға бай плазмоциттердің көп мөлшерімен сүзілгені байқалады. Трабекулалардың периваскулярлы дәнекер ұлпасы қопсытылған, ісінген, лимфа түйіндерінің паракортикальды аймағының клеткалары сиретіліп орналасқан. Ауруға сәтсіз деп танылған шаруашылықтағы бұзаулардың лимфа түйіндерінде фолликулярлы кесінді төселген, сақталған фолликлдер кесілген жасушалық элемент түрінде болды. Қабықты заттың лимфоидты ұлпасы ісінген, гиперплазирленген, онда 5-6 эпителиалды жасушалардың ошақты

жиналғаны байқалады. Осымен қоса орталық синустарда ұсақ капиллярлардың жоғарғы көлемде өткізгіштілігімен байқалған лимфостаз көрініс тапқан [2].


Бауырда, бүйректе, миокардта және бүйрекүстіңгі тәжірибедегі бұзауларда тамырлары қанға толған, паренхиматозды элементтердің бұршақты дистрофиясы және лимфоидты - гистоцитарлы жасушаның ошақты пролиферациясы байқалады 1-сурет.



1-Сурет – Бауыр. Периваскулярлы ұлпада лимфоидты - гистоцитарлы жасушаның ошақты жиналуы. Гематоксиленмен және эозинмен боялған. × 120.

Өкпеде құрылымы сақталған, жерімен альвеолярлы кеңістіктерде ұсақ капиллярлардың қанға толуына байланысты лимфоидты гистоцитарлы жасушалармен сүзілгені байқалады.

Бауырлық жасушаларда бұршақтық дистрофиялар, жұлдызшалы эндотелиоциттердің шектелген пролиферациясы байқалады. Мүшенің бөлектелген жерлерінде және гипотокит-тердің цитоплазмасында майлы тамшылар байқалады 2-сурет.



2-Сурет – Гепатоциттердің майлы инфильтрациясы.

Гемотоксилемен және эозинмен боялған. × 240.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей ірі қара малының туберкулез ауруынан сәтті және сәтсіз деп танылған шаруашылықта тубазидті қолдану кезінде, ұлпалар мен мүшелерде тамырлардың толуымен, паренхиматозды элементтердің бұршақты дистрофиялануымен, лимфоидты-гистоцитарлы жасушалардың ошақты пролифирациясымен, бөлектелген бөлшектерде гепатоциттардың майлы инфильтрациялануымен сипатталады [3, 4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рахманов, А. М. Современные аспекты ветеринарной иммуноморфологии / А. М. Рахманов, М. С. Жаков. – В кн. Актуальные вопросы патологоанатомической диагностики болезней животных. – Л. : Медицина. – 1982. – С. 171-174.
2. Сафронова, В. М. Сравнительное цитозимитическое исследование инфекционного вакцинного процессов при экспериментальном бруцеллезе / В. М. Сафронова, Н. А. Локтев // ЖМЭИ – 1981. – №7. – С. 63-66.
3. Кравченко, А. Т. Третий фактор приобретенного иммунитета. Иммунитет и аллергия клеток. / А. Т. Кравченко, Н. В. Галанова – М. : Изд-во АН СССР. – 1948. – 199 с.
4. Лавриненко, Г. Е. Вторичный иммунный ответ лимфатических узлов и клеток на живую бруцеллезную вакцину: В кн. Профилактика и меры борьбы с инфекционными и незаразными болезнями сельскохозяйственных животных в Казахстане. / Г. Е. Лавриненко. – Алма-Ата. – 1984. – С. 35-42.